

Таким образом, объединяя приемы, не забывайте о здравом смысле. Поэтому некоторые решения сочетать между собой не стоит.

Список использованной литературы:

<https://freelance.today>

<https://www.livelib.ru>

ДИЗАЙН ӨНЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ІС ӘРЕКЕТТЕР АРҚЫЛЫ ОБРАЗДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Балкенов Ж.Ш.

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университеті п.ғ.к. профессор, Қазақстан Республикасы
суретшілер одағының мүшесі*

Жукина Н.Б.,

педагогикалық факультет, Дизайн-31 тобының студенті

Тәуелсіз Қазақстанның өркениетті елдер қатарында гүлдену мақсатын жүзеге асыруда қойылатын талаптардың бірі – жоғары білім алу жүйесінде, дизайн өнеріндегі көркемдік іс-әрекеттерді меңгеруде, шығармашылық деңгейге жету үшін, көркемдік іс-әрекеттер арқылы түрлі образдардың қалыптасуын пайдалана отырып, терең білімді, ізденімпаз маман болу.

«Терең білім – Тәуелсіздігінің тірегі, ақыл-ой азаматтығымыздың алдаспаны», - деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атап көрсеткендей, бүгінгі ұлттық өнердің мазмұны мен мақсаты «уақыт талабына бейімделе отырып, замана беталысына қарай дизайн өнерінде түрлі көркемдік шешімдерді игере алатын іс-әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталуы тиіс.

Осы мақсатта ғана жоғары өнер жолында жоғары білім бағдарын нақтылаған адамның кәсіби дизайн өнерінен терең білім алу жүйесінің мақсат-міндеттерін сұрыптай алады. Сонымен қатар, болашақ дизайнер, жоғары оқу орындарындағы стандартқа сай білім қорымен ғана шектелмей, кәсіби біліктілікті, шеберлікті, дизайн өнеріндегі көркемдік іс-әрекеттер арқылы,

шығармашылық ізденіс дағдыларын қалыптастыру қажеттілігін назарда ұстау аса маңызды.

Дизайн өнерін терең меңгере отырып, көркемдік, шығармашылық іс-әрекеттерге ұмтылудың мақсаты, образды ойдың ұлттық ұстанымдарын терең меңгеру. Яғни, - жаңа дәуір кеңістігінде, дизайн мамандығы арқылы ұлттық өнерді дамытуды анықтаудың жолдарына жаңаша көзқарас қалыптастыру.

Осы мақсаттарда, жоғары оқу орындарында болашақ мамандарға дизайн өнерінен ұсынылып отырған міндетті және таңдаулы курстар, ұлттық бейнелеу өнерінің тарихын, мәдениетін таныстыруға, ғылыми және көркем шығармашылықтың теориялық мүмкіндіктерін тани білуге негізделген.

Нәтижесінде, дизайн өнерінде шығармашылық іс-ірекеттерді қазіргі заманда ұсынылып жатқан ақпараттық жүйемен байланыстыру, болашақ дизайнердің біліктілік, шеберлік және тапқырлық деңгейлерін көркемдік таным дәстүрімен толықтыру, салыстырмалы аналитикалық зерттеулер жүргізу, шығармашылық іс-әрекеттерді жаңаша қабылдауда көркемдік образды ойлауға машықтандыру.

Дизайн өнеріндегі түрлі көркем образды ойды шығармашылық тұрғыда меңгерудің үдерісі, ең алдымен, жеке тұлғаға бағытталып, дизайнердің шеберлігін, тапқырлығын, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасқан жағдайда ғана, дизайн өнеріндегі көркем образдың қорын жетілдіре алады, әрі көркемдікті меңгерудің жаңа әдіс-тәсілдерін меңгере білу мүмкіндіктеріне ие болады. Осындай мақсаттарда ғана, дизайн өнері арқылы, ұлттық өнерімізді, әлемдік тәжірибелерге сүйенген көркемдік жан-жақты жүйелерге көмектеседі.

Сонымен қатар, қазіргі замандағы көпқырлы ақпарат көздерін, ұлттық көркемдік таным өзгешеліктерін түсінуге, жаңа шығармашылық технологияларды дизайн өнеріне қолдана білуге, шеберлікті жетілдіруге бағыттау, білікті де іскер мамандардың қалыптасуына, олардың болашағын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Дизайн өнерінде көркемдік іс-әрекеттер осы бағытта өрістеп, дамығанда ғана өз шығармашылығына сенімді шебер маман

қалыптасады. Бұл – рухани қажеттілік қана емес, болашақ дизайнер үшін, шеберлікті қалыптастырудағы өмір сұранысы.

Дизайн өнерінде жеке тұлғаны қалыптастыруға қызмет ететін рухани қажеттіліктердің негізгі өзегі – тағылымды тәрбиенің тәлімін, өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, халқымыздың ұлттық өнеріндегі көркемдік ерекшеліктерді бойына сіңіріп, құрметтейтін ұлтжандылықпен бірге, адамгершілікті жүрегіне ұялата білген, білімді де шебер маман даярлау.

Осы орайда, біздің алдағы мақсатымыз – еліміздің тірегі болып табылатын болашақ өнер иесінің, тәлімді тәрбие алып, сапалы да, терең біліммен қарулануы.

Дизайн өнерінің басты мұраттарының бірі – көркем шығармашылықтағы рухани әлеміндегі, әсемдікті, жарасымдылықты қалыптастыру, өмірде адамзатқа ортақ ізгіліктердің негізгі ұстанымдарын дәріптеу және бүкіл адам баласын көркемдік жолындағы іс-әрекетті көрсете білу. Бұл мақсатқа жету үшін дизайнер суретші шығармашылық болмысқа үңіледі. Өзі суреттеп отырған оқиғаны да, көріністі де, ой-сезімді де көркемдік төңірегіннен өрбітеді себебі өнер атаулының, оның ішінде дизайн өнерінің де нысаны – шығармашылық. Мақсаты – адам игілігіне қызмет ету.

Өмір шындығын, оқиғалар мен құбылыстарды, баршаға ортақ ой-сезімдерді жекелеген адамдар мен оқиғалар арқылы жинақтап, бейнелі түрде көрсету – өнерге тән қасиет. Демек, дизайн өнеріндегі шығармашылық дизайнерлердің ой сүзгісіннен екшелеп шыққан көркемдік әлемі болады да, соған орай дизайн өнерінде көркем бейне болып шығады.

Қалай болғанда да, дизайн өнерінің ең басты өлшемі күні бүгінге дейін көркемдік болып келгені де, алдағы күндерде де солай болып қала берері анық.

Көркемдік – шығармашылық еңбек нәтижелерінің өнер саласына тән екендігін анықтайтын шарттардың үйлесімділігі.

Көркемдік қуаты дизайн өнеріндегі шығармашылық ізденістердің көрерменге қаншалықты дәрежеде әсер еткендігі арқылы анықталады. Көрерменге әсер ету жолдары, яғни көркемдік шарттары көптеп саналады. Солардың арасындағы ең қарапайым, әрі ең бастысы – көркемдік шындық. Көркемдік

шындық – дизайнердің шығармашылық іс – әрекетінде қорытылып, сұрыпталып барып, туынды көркем дизайнға айналған өмір шындығының бейнелі көрінісі. Көркемдік шындық дизайнердің көркемдік шығармашылыққа деген өзіндік көзқарасынан, шеберлік іс-әрекетіннен өрбиді.

Кең ауқымда алып қарасақ, көркем образ – көркемдік шындықты игеру мен дизайнға ғана тән ерекше тәсілін сипаттайтын эстетикалық категория . сонымен бірге көркем образды игеру.

Негізінде образдың ерекшелігін екі мәселеге, яғни көркемдік нақты шындық пен шығармашылық ойлау үрдісіне қатысты қарастыру.

Образдың көркемдік ерекшелігі дизайнер суретшінің шығармасында ойдан шығарылған жаңа формалар мен қанықты түстердің үйлесімділігі мен әсемдігін танымдық сипатта жасай білуі.

Көркем образ – дизайнердің шексіз рухани сұранысы мен тілек-талабына орай дизайнерлікті жаңғыртуға, жасампаз жаңа идеалға құштарлығынан туындайтын ой - қиялдың жемісі. Сондықтанда образ ойында ақиқат шығармадағы объективті бейнелермен қоса, дизайнердің субъективті сезімінен өрбитін құбылыстар да қамтылуы ықтимал.

Таза қиялдан туған айшықты формалар мен қанықты реңктермен жасалған көркем образдың айырмашылығы бар. Бұл айырмашылық оның түпкі негізінде жатыр. Ал образдың түп негізі – көркемдік шындық. Яғни көркем образда нақты зат (бояу, айшықты форма, нақтылы пайымдау, т.с.с.) шығармашылықпен өңделіп, нәтижесінде әрі жаңа әрі дара «дүние» (сурет, бейне, т.с.с.) жасалады да, келесі кезекте ақиқат өнердегі өзге де заттар арасынан өз орнын алады. Осыдан келіп образға тән ішкі қозғалыс үлгісін бейнелеуге болады.

Шығармашылықтағы көркемдік шындық, сезімдік қабылдау, саналы түрде жинақтап, қорыту, ойдан шығарылған шындықты өзгелердің қабылдауы.

Образдың мақсаты – дизайн өнеріне жаңа сипат дарыту, нақты бір дизайн өнерін жаңа бір көркемдік ұғымға айналдыру. Қалай болғанда да образдың мақсаты сөздің ең жоғарғы көркемдік қуатын игеру, көркемдіктің алуан көріністерінің өзара

ұқсастығын, тұтастығын, баланыстылығын ашып көрсету болып табылады.

Түйіндей келгенде, образ дегеніміз – дизайн өнерінде жинақталған түрде суреттелетін өнер құбылысының нақтылы көрініс - қалпы, түрлі заттардың көркем ой елегінен өткізіліп, қорытындылап жасалған тұлға – бейнесі. Көркем образда екі түрлі ерекшелік – жинақтау және даралау іштей астасып, қабысып жатады.

Образға берілген түрлі анықтамаларды, жоғарыда айтылған пікірлерді ескере отырып, сөз түйінінде төмендегідей қорытынды жасауға болады: көркем образ – нақты өмірлік шындықтан алынып, дизайнер санасында танымдық және шығармашылық үрдістер нәтижесінде жан - жақты екшелген және бейнелі образ арқылы жасалған әсерлі де көркем шығармашылық шындық.

Дизайн өнеріндегі біртұтас көркемдік іс – әрекеттер жасау мақсатындағы дизайнерлік образды ойдын жинақталуы белгілі бір мақсатқа жетуге көмектеседі.

Жалпы дизайн өнеріндегі түрлі көркемдік іс – әрекеттер, түрлі айшықты формалардың көрінуі, жасалуы және сомдалуы реалисттік өнерге қарағанда мүлдем басқаша болып келеді. Мұндай көркемдік ерекшеліктер дизайн деген ұғымға тікелей байланысты. Дизайн өнеріндегі көркемдік образдың қалыптасуы және бағалануы, оған сәйкес келетін көркемдік құндылықтарға, әлеуметтік сұраныс талап – тілектерге, қоғамдық немесе шығармашылық жеке көзқарастардың байланыстары арқылы анықталады.

Сонымен, дизайн өнеріндегі көркемдік іс – әрекеттер арқылы образдың қалыптасуы, күнделікті өмірде болып жатқан оқиғалармен ғана шектелмей, жалпы көркемдік іс – әрекеттерді, эмоциялық ой мен – образдың мәнерлі, мазмұнды қалыптастыратын әдіс – тәсілдерді ұғынуды қажет етеді.

Сондықтан дизайн өнеріндегі көркемдік іс – әрекеттер, образды ой мен сюжетті идея, абстрактілі немесе жай ғана элементтерден ғана құралуы мүмкін. Дизайнер суретшінің, кеңістіктегі түрлі образды қатынастарды, қарапайым форма ретінде тануы, оған өзіндік мән беруі, терең көркемдік танымды, шеберлік іс – әрекеттерді меңгеруі қажет.